

ӘОЖ 930.85

**ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ЛАТЫН АМЕРИКАСЫ
ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ДАМУЫ**

Тлеккали Еркеғали Нұрғалиұлы

tlekkali.erkegali@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті, Шығыстану
кафедрасының 4 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – т.ғ.д., Қайыркен Т.З.

XXI ғасырдың бірінші онжылдығында Қытай Халық Республикасының экономикалық белсенділігі әлемнің геосаяси көрінісін өзгертті. Латын Америкасының сыртқы саяси және сыртқы экономикалық байланыстар жүйесінде Қытай айтарлықтай орын алды, 2012 жылға қарай Латын Америкасы мен Кариб бассейні елдерінің АҚШ пен ЕО-тан кейінгі үшінші сауда-экономикалық серіктесіне айналды. «Соңғы онжылдықта Қытайдың үстем экономикалық держава ретінде көтерілуі қырғи қабақ соғыстың аяқталуынан кейінгі халықаралық жүйедегі

ең маңызды өзгерістердің бірі және әлем басынан өткерген ең жылдам қайта құрулардың бірі болып табылады» деп американдық зерттеуші С. Арнсон «Қытай, Латын Америкасы, Америка Құрама Штаттары: жаңа үшбұрыш» атты еңбегінде орынды жазды.

Қытайдың экспорт пен инвестицияны жеделдетуі енді дамуға аяқ басқан өнеркәсіп саласының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті ресурстарды сатып алуға, өткізу нарықтарын кеңейтуге және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың тиімділігін арттыруға деген ұмтылысқа байланысты болды. Латын Америкасының энергетикалық, минералды және ауылшаруашылық ресурстары экономикалық «экспансия» үшін болашағы зор аймақ болып табылады. Ал Латын-Кариб теңізі аймағы (LCA) ҚХР өзінің саяси позицияларын нығайтатын стратегиялық маңызы бар объектіге айналды.

Қытай-Латын Америкасы қатынастарының қысқаша тарихы.

Латын Америкасы мен Азия арасындағы ең алғашқы байланыс XVI ғасырдың екінші жартысында испандықтардың Филиппинді отарлау кезінде орын алды. 1570 жылдары испан Америкасындағы күміс өндірісінің өсуі Азияға әсер ете бастады. Күмістің бір бөлігі Оңтүстік-Шығыс Азияның дәмдеуіштері мен оңтүстікке баратын қытай тауарларын сатып алу үшін жаңа Испанияның Акапулько мен Батыс порттарынан Манилаға жеткізілді. Бұл теңіз сауда жолы 1815 жылы испан Тынық мұхиты флоты қызметін тоқтатқанға дейін екі ғасырдан астам уақыт жұмыс істеді. Қытай дереккөздеріне сүйенсек, екі континент арасындағы байланыстар тіпті Испан империясынан бұрын болған және V ғасырда Америка континентіне жеткен қытай экспедицияларынан басталады делінеді. Британдық бұрынғы әскери-теңіз офицері Гэвин Мензис өзінің «1421: Қытай Американы ашқан жыл» атты кітабында қытайлық саяхатшы Чжэн Хенің (1371-1433) экспедициялары Америкаға жетіп, он бесінші ғасырдың бірінші жартысында жер шарын айналып өтті деп мәлімдеді. Мин билеушілері демеушілік еткен жеті әскери-теңіз экспедицияларының бірі ретінде Чжэн Хенің флоты сөзсіз Африканың шығыс жағалауына барғанымен, оның Батыс жарты шарға жасаған сапарлары туралы ешқандай дәлел жоқ [1].

Біріншіден, «Қосылмау қозғалысымен» (NAM), екіншіден, Қытай-Американдық және Қытай-Кеңестік қатынастардың динамикасымен тығыз байланысты Қырғи қабақ соғыс дәуіріне ауыссақ, Аргентина президенті Хуан Доминго Перон «үшінші позиция» идеологиясы аясында қосылмау және бейбіт қатар өмір сүру қағидаттарының бастаушысы болғанымен, Латын Америкасы Азияның NAM-дағы ықпалына толық сәйкес келе алмады. Іс жүзінде 1955 жылы Бандунг конференциясында басталған және 1961 жылы Белградта ресми түрде бекітілген «Қосылмау қозғалысы» аясында Үндістандағы Неру немесе Индонезиядағы Сукарно мәртебесімен бәсекелес бола алатын Латын Америкасында тек Фидель Кастро ғана болды. Ф. Кастроның ұстанымы және өз кезегінде Куба төңкерісі Мао бастаған Қытай үшін мүмкіндіктерге жол ашты. 1960 жылдардың басында Қытай басшылығы үшін Латын Америкасы Азия мен Африкадан кейінгі үшінші орында тұрса да, оны өзінің сыртқы саясатына қосуға деген ынтасы, негізінен Пекиннің антиамерикандық ұстанымымен және Вашингтонның экономикалық блокадасына және саяси дұшпандығына қарсы тұруға деген ұмтылысымен байланысты болды [2].

Қытай Кастроның даңқына үлкен қызығушылық танытты және Куба революциясының пайда болуын аймақтың басқа бөліктері үшін үлгі болады деп үміттенді. Алайда, Қытайдың коммунистік партияларға және қозғалыстарға жалпақтауы Орталық және Оңтүстік Америкада үлкен әсер қалдыра қоймады [3]. 1950 жылдардың аяғында Қытай-кеңестік қақтығысы толыққанды саяси және әскери антагонизмге айналғаннан кейін Қытай саяси көзқарастардан бас тарта бастады, радикалды қозғалыстар мен партизандық топтардан алшақтап, Латын Америкасында құрылған Ұлттық үкіметтермен қарым-қатынасты дамыта бастады, осылайша халықаралық аренада көбірек қолдау табуға тырысты [2]. Қытайда басқа таңдау болмады, өйткені қырғи қабақ соғыстың басым бөлігінде Латын Америкасының көптеген елдерінде,

әсіресе оңшыл әскери диктатура басқарған елдерде антикоммунизм басым болды, сондықтан Пекинде дипломатиялық жетістіктерге жетуге мүмкіндік болмады.

1971-72 жылдардағы Киссинджер мен Никсонның Қытайға сапарлары, сайып келгенде, Пекин мен Латын Америкасы астаналары арасындағы прагматикалық және проблемалық қатынастарға жол ашты. Онжылдықтың соңында Қытай Латын Америкасының көптеген ірі мемлекеттерімен, соның ішінде Аргентина, Бразилия, Чили, Мексика және Перумен дипломатиялық қатынастар орнатты. 1970-1980 жылдардағы Қытай-Латын Америкасы қатынастары негізінен «қызметке қызмет» стратегиясымен анықталады. Мысалы, Латын Америкасы үкіметтерінің көпшілігі Қытайға Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болуға дауыс берді, ал Пекин Латын Америкасының теңіз құқығы туралы келіссөздерде аумақтық теңіздің 200 мильдік шекараларына қатысты талаптарын қолдады.

Қытайдың стратегиялық басымдықтары.

Бұл тұрғыда негізгі стратегиялық мәселе – Тайвань факторы. Тайваньды дипломатиялық оқшаулау Қытайдың Латын Америкасындағы ең маңызды саяси мақсаты болды, онда Пекин мен Тайпей бір-бірімен қатты бәсекелесіп, аймақтағы позицияларын ұстап тұру үшін зор дипломатиялық және экономикалық ресурстарды жұмылдырды [4]. Қазіргі уақытта тек 23 ұлттық үкімет Тайваньмен дипломатиялық қарым-қатынасты сақтайды, олардың 11-і Латын Америкасында, соның ішінде Кариб бассейнінің кейбір шағын елдері де бар. Тайваньмен дипломатиялық қатынастарды ҚХР-ға өзгерткен ең соңғы мемлекет (2007) Коста-Рика болды, бұл Тайпей үшін үлкен сәтсіздік болды. Орталық Америка Тайваньның халықаралық мойындауға ұмтылуында маңызды рөл атқарады, өйткені Орталық Америка бұл елді халықаралық ұйымдардың ресми мүшесі ретінде қабылдаған санаулы аймақтардың бірі. Тайвань Орталық Америка интеграция жүйесінің (SICA) және Орталық Америка экономикалық интеграция Банкінің (BCIE) аймақтық емес мүшесі болып табылады және Орталық Америка Парламентінде бақылаушы мәртебесін алған [5].

Сол сияқты, Латын Америкасындағы ҚХР-ның стратегиялық мақсаттары халықаралық форумдарда бірлескен стратегияларды әзірлеу мақсатында саяси және стратегиялық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған. БҰҰ ұйымдарында Аргентина мен Қытай екі елдің сыртқы күн тәртібіндегі негізгі мәселелер бойынша позицияларымен жиі бөліседі. «Қызметке қызмет» қағидасын басшылыққа ала отырып, Аргентина Қытайдағы адам құқықтары ахуалын тергеу туралы АҚШ ұсынған қарарларға дауыс беруден қалыс қалды, ал ҚХР Аргентинаның Мальвин аралдарындағы (Фолкленд аралдары) ұстанымын БҰҰ-ның деколонизация комитетінде үнемі қолдап келеді. Сонымен қатар, 2005 жылы Дүниежүзілік сауда ұйымының Гонконгтағы саммитінде екі үкімет АҚШ пен ЕО-тың ауылшаруашылық субсидиясына қарсы ортақ ұстанымға келуге келіскен болатын.

Қытайдың Латын Америкасындағы экономикалық субъект ретінде қалыптасуы.

Қытайдың Латын Америкасының көптеген елдерімен қарым-қатынасындағы екіжақты сауда мен инвестициялар 1990 жылдарға дейін аз болды. Шығыс Азия мен Латын Америкасы арасындағы маңызды экономикалық байланыстардың дамуына Қытай емес, Жапония мұрындық болды. Латын Америкасындағы импортты алмастырудың сәтсіздікке ұшырауы, ал 1980-1990 жылдары Шығыс Азия экономикасының сыртқы және нарыққа бағытталған саясатының сәтті болуы Латын Америкасын Шығыс Азияны, егер модель болмаса да, ынталандыру көзі ретінде қарастыруға мәжбүр етті. «Азиялық ғажайып» деп аталатын құбылыс Латын Америкасының 1980 жылдардың аяғында және 1990 жылдар бойы үлкен ашықтыққа бет бұруына ықпал етті деп айтылады [6; 7]. 1990 жылдардың басына қарай Жапония Латын Америкасы экономикаларының көпшілігінің екінші ірі сауда серіктесі болды, ал Токио екі жақты және халықаралық қаржы институттарына қосқан үлесі арқылы Латын Америкасының ең ірі кредиторына айналды [8].

Алайда Латын Америкасына басқа азиялық мемлекеттер қызығушылық танытқан сайын, Жапонияның экономикалық және саяси мәртебесі әлсіреді, ал 1990 жылдардың аяғынан бастап елдің бұл аймақпен қарым-қатынасы нашарлай түсті. 1990 жылы Жапония Латын Америкасындағы жалпы сауданың 11,4 пайызын құрады. 2005 жылға қарай бұл көрсеткіш 6,5 пайызға дейін төмендеді, ал Азияның басқа елдерінде 7,6 пайыздан 22,5 пайызға дейін жылдам өсу байқалды [9]. Әсіресе Оңтүстік Корея үлкен пайда көрді, өйткені бұл уақытта азиялық фирмалар «АҚШ пен Еуропаның шиеленісіп келе жатқан өнеркәсіптік нарықтарынан тыс жаңа кеңістік іздеуде болатын» [10].

Еркін сауда туралы келісімдерге (ФТА) Жапония және Мексика, Жапония және Перу, Чили және Корея, Перу мен Тайланд арасында қол қойылды. Жеңілдетілген сауда туралы келісім (РТА) Үндістан мен Mercosur (Аргентина, Бразилия, Парагвай және Уругвайды біріктіретін ортақ нарық) арасында күшіне енді. Сондай-ақ, түрлі Азия елдері мен Латын Америкасы елдері арасындағы бірқатар екіжақты келісімдер де қаралды. Алайда, 2004 жылы Ху Цзиньтаоның жасаған алғашқы сапарынан (оның сапары 2001 жылғы Цзян Цземиннің сапарынан әлдеқайда күшті әсер етті) бастау алған Қытайдың ХХІ ғасырдағы Латын Америкасына қарай бағыт алуы және дипломатиялық, экономикалық белсенділіктің күшеюі көпшілікті таң қалдырды.

2004 жылы Сантьяго-де-Чилиде өткен АТЭС Саммиті Қытайдың Латын Америкасы аймағына деген қызығушылығының арта түскенін айқын көрсетті. ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтао Латын Америкасына 100 миллиард доллар инвестиция құю туралы ниетін ашық жариялады [11]. Шикізаттың ірі импортері болып табылатын Қытай аймақтағы жетекші мемлекеттердің мұнай салаларын белсенді қаржыландыруды бастады.

2000 жылдардың ішінде АҚШ-тан кейін Қытай Бразилия, Чили, Перу, Аргентина, Колумбия, Куба, Венесуэла, Уругвай және Панаманың маңызды серіктесі болды. Латын Америкасы мемлекеттерінің аймақтық емес серіктестермен ынтымақтастығы, өз кезегінде, инвестициялық және технологиялық алмасу қажеттілігімен, сондай-ақ сыртқы сауда байланыстары жүйесін оңтайландыруға ұмтылумен байланысты болды [12].

2010 жылы Венесуэла Қытайға тәулігіне 380 мың баррель мұнай сатты және алдағы онжылдықта жеткізілімдерді күніне 500 мың баррель деңгейіне жеткізу ниеті туралы мәлімдеді. 2013 жылы CNPC (China National Petroleum Corporation) ірі қытай корпорациясы Бразилияның Petrobras мұнай-газ компаниясының Перулік активтерін сатып алды. 2013 жылы мұнай саласына салынған қытай инвестицияларының көлемі Латын Америкасындағы тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы көлемінің 13% - ын құрады. Чили астанасында өткен саммит аяқталғаннан кейін он жыл ішінде Қытай өңір мемлекеттеріне 118,5 миллиард АҚШ доллары көлемінде несие берді. Қытайдың Латын Америкасы мемлекеттерімен сауда көлемі 2000-2013 жылдар аралығында 22 есеге өсті (12-ден 275 млрд долларға дейін) [13]. Сонымен қатар, Қытайдың инвестициялық белсенділік деңгейі ресми статистикада жазылған көрсеткіштерден асып түседі. Ірі инвестицияларды қытайлық компаниялардың Кайман, Британдық Виргин аралдары және Гонконгтағы еншілес компаниялары жүзеге асырады. Аспан асты елінің компаниялары қатысатын көптеген инфрақұрылымдық жобалар шетелдік инвестициялар ретінде емес, экспорт ретінде жіктеледі.

2013 жылы Си Цзиньпин Тринидад және Тобагоға, Коста-Рика мен Мексикаға, 2014 жылы Бразилияға, Аргентинаға, Венесуэлаға және Кубаға сапар жасады, ал 2016 жылы осы мемлекеттермен қарым – қатынас деңгейін көтеру мақсатында Чилиге, Перу мен Эквадорға барды. 2015 жылы Қытай мен латынамерикалық және Кариб елдерінің қоғамдастығы – CELAC арасында саммит өтті, оның аясында ҚХР бұл аймаққа тағы 250 миллиард доллар инвестиция салуға ниет білдірді. Сонымен қатар, ҚХР 2025 жылға қарай екіжақты сауда көлемін 500 миллиард долларға дейін ұлғайтуға ниетті.

Алайда, ХХІ ғасырдың екінші онжылдығының ортасына қарай Қытай экономикалық дамудың баяулығын көрсетті, бұл латынамерикалық экономикалық өмірдің динамикасында көрінді, бірақ ешқандай жағдайда байланыстардың қарқынды дамуына бөгет қоймады. Латын Америкасы экономикасының өсу қарқыны 2015 және 2016 жылдары тиісінше – 0,6%-ға және 1,4%-ға дейін төмендеді. Қытайдың Латын Америкасы мемлекеттерімен сауда-экономикалық өзара іс-қимылының құлдырауы өзінің әлеуметтік-экономикалық моделін жаңғырту әрекеттерінен, сондай-ақ ең ірі Латын Америкасы елдерімен саудадағы құрылымдық теңгерімсіздік проблемаларынан туындады. Саудадағы теңгерімсіздік, өз кезегінде, Латын Америкасының өнеркәсіптік өнімдерінің импортын азайтумен және Латын-Кариб Америкасы аймағындағы тұтыну тауарлары экспортының кеңеюіне байланысты болды.

Аргентиналық саясаттанушы Х. Севарес жаңа ғасырдың алғашқы онжылдығындағы эйфорияның өткеннің еншісінде қалғанын атап өтті, осылайша Қытай Латын Америкасы мемлекеттерінің ең үлкен серіктесі ретінде қалады, бірақ оның маңыздылығы бойынша АҚШ немесе Еуропалық Одақты алмастыруы екіталай [11]. Соған қарамастан, Қытай Латын Америкасы елдеріне инвестиция салуды, дайын өнімді экспорттауды және шикізатты импорттауды жалғастыруда, іс жүзінде ол өзі тығыз байланыс орнатқан үкіметтердің банкиріне айналды. Сонымен қатар, ҚХР Бразилия, Венесуэла, Мексика, Аргентина және Перумен стратегиялық серіктестік қатынастар орнатты.

Қорытынды.

2004 жылдың қараша айында Қытай Төрағасы Ху Цзиньтаоның Латын Америкасына жасаған алғашқы сапары Бейжіңнің аймақпен қарым-қатынасындағы жаңа кезеңінің бастамасы болды. Содан бері Қытай Латын Америкасы үшін үш бағыттағы саяси және экономикалық стратегияны ұстанды: біріншіден, мұнай, минералды шикізат және ауылшаруашылық өнімдеріне деген қажеттілікті қамтамасыз ету; екіншіден, елдің өсіп келе жатқан өнеркәсіптік өнімінің экспорты үшін жаңа нарықтарға қол жекізу; үшіншіден, Латын Америкасы үкіметтерінің халықаралық қатынастарда «Бір Қытай» қағидатын ұстануын қамтамасыз ету. Осылайша, халықаралық деңгейде ҚХР басшылығының бастамаларын қолдауға қабілетті жаңа одақтастар үшін Тайваньмен «дипломатиялық күрес» жағдайында Қытай өз алдына саяси мақсаттарды қоя білді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Goodman, D. S. G. (2006). Mao and the Da Vinci Code: Conspiracy, narrative and history. *The Pacific Review*, 19(3). 359–384 pp.
2. Xu, F. (1994). China and Latin America after the cold war's end. In A. F. Lowenthal & G. Treverton (Eds.), *Latin America in a New World*. Colorado: Westview Press. 150-166 pp.
3. Lawrance, A. (1975). *China's foreign relations since 1949*. London: Routledge & Kegan Paul. 152 p.
4. Teng, C. C. (2007). Hegemony or partnership: China's strategy and diplomacy toward latin America. In J. Eisenman, E. Heginbotham & D. Mitchell (Eds.), *China and the developing world: Beijing's strategy for the twenty-first century*. New York: M. E. Sharpe. 84–112 pp.
5. Aguilera Peralta, G. (2010). Central America between Two Dragons: Relations with the Two Chinas. In A. E. Fernández Jilberto & B. Hogenboom (Eds.), *Latin America facing China. South-south relations beyond the Washington consensus*. New York: Berghahn Books. 167–180 pp.
6. Edwards, S. (1995). *Crisis and reform in Latin America: From despair to hope*. New York: Oxford University Press.
7. Kay, C. (2002). Why East Asia overtook Latin America: Agrarian reform, industrialisation and development. *Third World Quarterly*, 23(6), 1073–1102.

8. Stallings, B., & K. Horisaka. (1994). Japan and Latin America: New patterns in the 1990s. In A. F. Lowenthal & G. F. Treverton (Eds.), *Latin America in a new world*. Colorado: Westview Press. 126- 149 pp.
9. Rose, C. (2010). Japan and Latin America – Can the Koizumi effect last? In J. Dosch & O. Jacob (Eds.), *Asia and Latin America the encounter of two continents: Political, economic and social dynamics*. London: Routledge. 51–69 pp.
10. Kim, W. H. (2004). *East Asian–Latin American economic relations: A Korean Perspective after the international financial crisis*. Seoul: Korean Institute for International Economic Policy (KIEP) Working Paper 00–04.
11. Латинская Америка на переломе глобальных и региональных трендов / отв. ред. В. П. Сударев, Л. Н. Симонова. М.: ИЛА РАН, 2017. 208 с.
12. Разумовский Д. В. Торговое сотрудничество Латинской Америки с внерегиональными партнерами // *Латинская Америка*. 2016. № 3. С. 5–21.
13. Сударев В. П. Латинская Америка в геополитическом треугольнике США – Китай – ЕС // *Латинская Америка*. 2015. № 4. С. 4–13.